

**"Өзара газ алмасу бойынша жүзеге асырылатын мәміленің бағасын белгілеу туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 483 қаулысына  
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 900 қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өзара газ алмасу бойынша жүзеге асырылатын мәміленің бағасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 483 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2016 жылы қарсы жеткізу арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен қамтамасыз ету үшін 2016 жылы Қазақстан Республикасы/Ресей Федерациясының шекарасы, "Александров Гай" газ өлшеу станциясы ДАР шарттарымен Қарашығанақ кен орнының өңделген газын 6150000000 текше метрге дейінгі көлемде экспортқа өткізу кезінде "КазРосГаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Газпром" жария акционерлік қоғамы уәкілеттік берген ұйым – "GAZPROM Schweiz AG" арасында жасалатын мәміле бойынша газдың бағасы мынадай бағалар бойынша белгіленсін:

1) 2016 жылғы 1 қаңтардан 30 сәуір аралығындағы кезеңде Өзбекстан Республикасы /Қазақстан Республикасы шекарасына жеткізілетін Өзбекстанда шығарылатын газдың 1000 текше метрі үшін 85 АҚШ доллары;

2) 2016 жылғы 1 мамырдан 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Өзбекстан Республикасы/Қазақстан Республикасы шекарасына жеткізілетін Өзбекстанда шығарылатын газдың 1000 текше метрі үшін 3660 ресей рублі;

3) Ресей Федерациясы/Қазақстан Республикасы шекарасына жеткізілетін Ресейде шығарылатын газдың 1000 текше метрі үшін 3660 ресей рублі."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК